

Қазақстан Республикасының Президенті жанынан Жедел жұмыс тобын құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Өкімі 1997 жылғы 29 қаңтар N 3345.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 1997.06.17. N 3551
өкімімен. ~N973551

Республика азаматтарына зейнетақылар мен еңбекақының уақтылы төленуін жедел бақылауды күшейту мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Президенті жанынан мынадай құрамда Жедел жұмыс тобы құрылсын:

Бәйменов Ә.М. - Қазақстан Республикасы Президентінің
Әкімшілігі Басшысының орынбасары,
топ басшысы

Бегахметов Т.Қ. - Қазақстан Республикасы Үкіметі
Аппаратының Басшысы, топ басшысының
орынбасары

Топ мүшелері:

Ауанов М.Қ. - Қазақстан Республикасының Қаржы
министрлігі жанындағы Қаржы-валюта
бақылау комитетінің төрағасы

Есенбаев М.Т. - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік
салық комитетінің төрағасы

Имашев Б.М. - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік
салық комитеті Салық полициясы
Бас басқармасының бастығы

Коржова Н.А. - Қазақстан Республикасы Еңбек және
халықты әлеуметтік қорғау министрі

Мұхаметжанов Б.Ә. - Қазақстан Республикасы Президентінің
Әкімшілігі Заң және сот жүйесі
мәселелері жөніндегі бөлімінің

меңгерушісі

Оразбақов Ғ.І. - Қазақстан Республикасы Президентінің
жанындағы Жоғары экономикалық кеңес
Хатшылығының меңгерушісі

Сәйденов Ә.Ғ. - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі
Төрағасының орынбасары

Сәрсенбаев А.С. - Қазақстан Республикасы Баспасөз және
бұқаралық ақпарат істері жөніндегі
ұлттық агенттігінің төрағасы

Шуткин С.И. - Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры

2. Жедел жұмыс тобының негізгі міндеті министрліктер, мемлекеттік комитеттер, өзге де орталық атқарушы органдар басшыларының, сондай-ақ меншік нысандарына қарамастан, заңды тұлғалардың Республика азаматтарына еңбекақы мен зейнетақыларды уақтылы және толық төлеу туралы заң талаптарын орындауын бақылау болып табылады.

Көзделген өкілеттіктерді іске асыру үшін топ мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардан барлық қажетті ақпаратты, құжаттар мен өзге де материалдарды сұратып, алдырып отырады.

3. Топ басшысы Қазақстан Республикасының Президентіне орындалған жұмыс туралы ұдайы хабарлап отыратын болсын.

Қазақстан Республикасының
Президенті